ЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ТУЫ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
Л ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

враль Сенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

# ССРО Жоғарғы Советін шақыру туралы

## ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

**ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді: 1952 жылғы 5 мартта Москва қаласында Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің III сессиясы шақырылсын.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ШВЕРНИК.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.
1952 жыл 31 январь.

# ...ы Ленин орденді және Қызыл ...атының жұмысшыларынан, ...енерлерінен, техниктерінен ...керлерінен

## ...оветінің Председателі ...СТАЛИН жолдасқа

...жарыстың, өндіріс жаңашылдарының озат тәжрибесін ...ланудың негізінде қазіргі кемшіліктерді жоюға, қорларды ...ық пайдалануға және өндіріс шығындарын жоюға барлық ...аларды істеуге, қымбатты Иосиф Виссарионович, Сізге ...е береміз.

Большевиктік сын мен өзара сынды өрістете отырып, ...ізге қойылатын талаптылықты арттыра отырып және ...рларды кемшіліктерге төзбеу рухында тәрбиелей отырып, ...комбинаттың барлық буындарының жұмысын мейлінше ...қсартуға тырысамыз.

**Қымбатты Иосиф Виссарионович!** Сіздің даңқты есіміңіз ...аталатын біздің комбинатымыз қара металлургия кәсіп...ындарының арасында ең алдыңғы қатарлы завод болуы ...н бұдан былай да қажырлы күрес жүргізуге Сізге уәде ...еміз.

Алдымызда тұрған міндеттерді талқылап және өз мүмкін...іктерімізді есептеп, біз мынадай социалистік міндеттеме... аламыз:

# Барлық мүмкіншілік стахановша еңбек етуге жұмсалсын

Жуырда ҚК(б)П Петропавл қалалық комитеті мен кәсіподақтардың облыстық Советі кәсіпорындары басшыларымен бірлесе отырып, қаладағы өнеркәсіп пен транспорттың стахановшыларының тәжрибе ауысу жөніндегі кеңесін өткізді.

ҚК(б)П қалалық комитетінің секретары Р. Алханов жолдас өнеркәсіп жұмысының өткен жылғы қорытындысы және алдағы міндеттер туралы баяндама жасады. Баяндамашы қала кәсіпорындарының социалистік жарыс туын барған сайын жоғары көтеру нәтижесінде жылдық жоспарды 1951 жылғы 15 декабрьде орындағанын, екіжарым мың стахановшының 1,5—2 жылдық, ал, жүзден аса адамның 3—4 жылдық тапсырма орындағанын атап көрсетті.

Онан әрі Алханов жолдас кәсіпорындарында стахановтық қозғалыстың өрістей түскені, өндіріске жаңалық әдістерді енгізуде, жаңалық табу және рационализаторлық істі өрістетуде елеулі табыстарға қол жеткеніне тоқталды.

Баяндама бойынша болған жарыссөзде кәсіпорындарының басшылары, инженер-техник қызметкерлер, стахановшылар еңбек өнімділігін арттыру, үнемшілдік тәртібін қатаң сақтау, өндіріс технологиясын жетілдіру жөніндегі өздерінің тәжрибелерін ортаға салды, алдағы мақсаттары, жоспарлары жөнінде пікір алысты. Сөйтіп, жарыссөз негізінен стахановтық озат тәжрибенің трибунасына айналдырылды.

Төменде кеңеске қатысқан кейбір стахановшылардың сөздерін береміз.

### И. ГОРЮНОВ,

**Паровоз деposындағы механикалық төртінші цехтың бастығы**

1950 жылы цехтағы көптеген жұмысшылар нормаларын орындай алмай жүрді. Мұндай артта қалушылықты жоюды біз оның себептерін ашудан бастадық. Сөйтіп, кейбір жұмысшылардың техникалық дайындығының төмен болып келгендігін, екіншілерінің еңбектегі белсенділігінің жеткіліксіздігін анықтадық.

Бұдан кейін тапсырмасын орындай алмайтындарға практикалық көмек көрсету үшін стахановшыларды бекіттік. Жұмысты стахановшылардың үлгісімен бірлесе атқару олардың еңбек өнімділігін едәуір арттыруына көмектесті.

...міндеттеме. Оған біздің еңбектегі белсенділігіміз, өткен жылы қол жеткен табыстарымыз кепіл.

* * *

### А. СЛЮНЬКО

**Таңдаулы бесжүзші машинист**

Өткен жылы біздің бригада локомотивтің жол жүруінің жылдық жоспарын 110 процент, жүк тасу жоспарын 101 процент орындады. Техникалық жылдамдық та едәуір арттырылды. Сол сияқты, біздің жұмыс тәжрибемізде локомотивті поезаралық жөндеуге қою болған емес.

Паровоздың айналымы жылдамдатылды, орта тәуліктік жүріс жылдамдығы арттырылды. График бойынша 9 мың километрден кейін локомотивті жуып жөндеуден өткізудің орнына біз бұл жу-

—өте күрделі бөлшек. Өткен жылдарда бұл бөлшекті жасауда үлкен ақауларға кездесіп жүрдік. Ал, 1951 жылы жоспарлы 5 процент ақаудың орнына июль айында ақауды 4 процентке, августа—3 процентке, сентябрьде —2,2 процентке, октябрьде— 1,1 процентке, декабрьде —0,6 процентке дейін қысқарттым. Қазір мен жасайтын үлгіде ешбір ақау жоқ. 1952 жылдың бойына да солай болады.

Менің үлгі жасайтын машинам социалистік сақтыққа алынған. Сондықтан да оның техникалық жайы үнемі жақсы. Бұл —технологиялық тәртіпті қатаң сақтаудың кепілі. Үлгі жасайтын ұсақ бөлшекті аптасына екі рет жаңалап отырамын.

